

II тарау


ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯДАГЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭФФЕКТИЛЕР

1. Ковалентті байланыстың полярлылығы

Ковалентті байланыс қасиеттері үкісас немесе бірдей атомдар арасында пайда болады дегенбіз. Егер бірдей атомдар арасында пайда болса, мысалы, $\text{H} : \text{H}$, $:\ddot{\text{O}}::\ddot{\text{O}}:$, $:\ddot{\text{N}}::\ddot{\text{N}}$; онда ортақ электрон жүгіттері (бұлты) екі атомға бірдей, яғни екі атомды да бірдей айналып жүреді. Мұндай жағдайда ковалентті байланыс полярсыз. Ал сегер атомдар әр түрлі болса, электрон жұбы электртерістігі жоғары атомға қарай ығысады. Электртерістік дегеніміз атомның өзінсө басқа элемент атомының электрондарын тарту қабілсті. Нәтижесінде электртерістігі жоғары атом ішінәра теріс зарядқа δ^- , ал электртерістігі төмсөн атом ішінәра он зарядқа δ^+ ие болады. Бұл жағдайда ковалентті байланыс полярлы дейміз. Мысалы:




Иондық байланысты полярлы ковалентті байланыстың шілткі түрі (электрондар бір атомнан екінші атомға толық ауысқан) деп қарууга болады:



2. Индуктивті эффект


Ортақ электрон жұбы әрдайым электртерістігі жоғары элементке қарай ығысатынын білеміз. Мысалы, $\text{CH}_3^{\delta+} :\text{Cl}^{\delta-}$ молекуласында электрон жұбы хлорға ығысқан. Егер хлормен байланысқан көміртек атомы да көміртек атомдарымен байланысқан болса, электрон жұбының ығысуы тізбек бойында мына бағытта жүрер еді:



Бірақ электртеріс атомның әсері өзінен алыстаған сайын өшеді. Бұл жағдайда хлордың әсері скінші көміртек атомынан (α -атом) кейін мардымсыз, яғни онша білінбейді.

Электртерістігі жоғары атомның ковалентті байланыстың σ -электрон жұбын (жай байланыс – σ -байланыс) өзіне қарай ығыстыру (тарту) қабілесті **индуктивті эффект** деп аталады. Индуктивті эффект он (+) және теріс (-) болады. Егер атом электрон жұбын өзінен кері ығыстыратын, яғни итеретін болса, ол он (+) индуктивті

эффект (электрондонорлық) деп аталауды және $+I$ -эффект деп белгіленеді. Мұның нәтижесінде атом өзі ішінара оң зарядқа, ал көрші атом ішінара теріс зарядқа ие болады. Және керісінше, атом немесе радикал σ -электрон жұбын өзіне тартып, көрші атомның электрон тығыздығын төмендейтес, ол теріс (-) индуктивті эффект (электронакцепторлық) деп аталауды және $-I$ -эффект деп белгіленеді. Мұның нәтижесінде атом өзі ішінара теріс зарядқа, ал көрші атом ішінара оң зарядқа ие болады. Төмснде атомдар, атомдар топтары және функционалдық топтар индуктивті эффектілерінің күші бойынша қатарға орналастырылған:



Индуктивті эффект түзу стрелкамен \rightarrow белгіленеді.

Көріп түрғанымыздай, индуктивті эффект молекуладағы атомдардың полярлануын туғызады. Ол, өз кезегінде, қосылыстың қасиеттеріне, химиялық реакцияның бағытына әсер етеді. Мысалдар карастырайық. Сірке қышқылында метил тобы CH_3 $+I$ -эффект, яғни электрондонорлық қасиет көрсетеді. Осының әсерінен карбоксильдік көміртектің ішінара оң заряды кеміп, оның гидроксилдік оттекті өзіне тартуы әлсірейді де, О-Н байланысы күшейеді. Мұның нәтижесінде сутек протонының белініуі (диссоциация) нашарлап, қышқылдың күші кемиді. Хлорсірке қышқылында жағдай басқаша. Хлор атомы, керісінше, $-I$ -эффект, яғни электронакцепторлық қасиет көрсетеді. Осының әсерінен карбоксильдік көміртектің ішінара оң заряды артып, оның гидроксилдік оттекті өзіне тартуы күшейеді де, О-Н байланысы әлсірейді. Мұның нәтижесіндегі карбоксил тобының диссоциациясы, яғни сутек протонының белініуі оңайлады, қышқылдың күші артады:



3. Мезомерлі эффект

Қанықпаган қосылыстарда, әсіресе, қосарланған қос байланысы бар немесе ароматты қосылыстарда электрон ығысуы өзгеше болады. Мұндай электрондонорлы немесе электронакцепторлы қосылыстарда π -электрон бүлті ығысады. Оның нәтижесінде қос байланысты жүйенің бір үшінда оң (+), келесі үшінда теріс (-) заряд пайда болады.

Қосарланған эффектілі, яғни қос байланысты және ароматты қосылыстарда байқалатын бүл құбылыс – **мезомерлі эффект** деп аталауды. Химиялық әдебиетте бүл құбылыс басқаша қосарлану эффектісі немесе **курылымдық резонанс** деп те аталауды. Басқаша айтқанда, мезомерлі эффект дегеніміз молекула π -электрон

бұлты қатысуымен жүретін электрон тығыздығының қайта таралу (делокалдану) құбылысы. Мезомерлі ығысуға қанықлаған және ароматты қосылыстардың π -орбитальдері қатысады. Мезомерлі эффект оң ($+M$) және теріс ($-M$) болады.

$+M$ – қосарланған жүйеде электрон тығыздығын арттырады.


$-M$ – қосарланған жүйеде электрон тығыздығын кемітеді.

Бөлінбеген электрон жұбы бар атомдардың мезомерлі эффектісі әрдайым он $+M$. Төменде атомдардың мезомерлі эффектілері келтірілген:

$+M$ -эффект – O^- , $-OH$, $-OR$, $-SH$, NH_2 , $-CH_3$, галогендер.

$-M$ -эффект – NO_2 , $-CN$, $-CHO$, $-COOR$, $-CONH_2$, $-SO_2R$, $-CF_3$.


Мезомерлі эффект де индуктивті эффект тәрізді молекулаларды полярлайды, сондықтан қосылыстардың физикалық және химиялық қасиеттеріне әсер етеді. Айырмашылығы: а) индуктивті эффект қанықкан, ал мезомерлі эффект қанықлаған қосылыстарда байқалады; ә) индуктивті эффект жылдам өшеді, ал мезомерлі эффект бұқіл молекулаға беріледі. Мезомерлі эффект имек стрелкамен көрсетіледі. Мысалы:



$C=O$ байланысының электрон жұбы мезомерлі эффект $-M$ нәтижесінде оттекке ығысады, нәтижесінде карбоксильдік қөміртек атомы $+b$ зарядталып, $O-H$ байланысындағы электрон жұбын өзіне тартады. $O-H$ байланысы әлсіреуі нәтижесінде диссоциация оңайлады:




Мезомерлі эффектінің (қосарлану эффектісінің) тағы бір түрі бірнеше қос байланысты қосылыстарда кездеседі. Қос байланыстар бір жай байланыспен бөлінген қосылыстар, айталық $CH_2=CH-CH=CH_2$ (бутадисн-1,3), бірқатар срекше қасиеттер танытады. Мұндай қосылыстарда барлық қөміртек атомдарының гибридтелеңген бір-бірден p -электроны бар. Олар тек бірінші мен екінші, үшінші мен төртінші қөміртек атомдары арасында ғана емес, кеңістіктік орналасуына байланысты екінші және үшінші қөміртек арасында да бүркеседі. Осылайша барлық төрт қөміртек атомына ортақ π -электрон бұлтын түзеді (10-сурет).




10-сурет. Бутадисн молекуласында орбитальдердің бүркесуі

Осындағы қосарлану эффектісінің әсерінен қосарланған дисендерге электрофильді қосылу 1,2-қосылумен қатар 1,4-орындарға да жүреді:






Бірінші сатыдан кейін түзілген карбкатион қосарлану эсерінен скі түрлі формада болады (I және II), карбкатион II 1,4-қосылу өнімін береді.

Қос байланысты атом бір мезгілде екі түрлі эффект көрсете алады: σ -байланыс индуктивті эффект көрсетсе, π -байланыс мезомерлі эффект береді. Бұл эффекттер бір бағытта немесе қарама-қарсы бағытта да болуы мүмкін. Сонымен бірге, электрон тығыздығының делокалдануы σ -байланыстың электрондары қатысуымен де жүзеге асусы мүмкін. σ -байланыстың орбитальдері мен көрші π -байланыстың орбитальдері бүркесуін **асқын қосарлану (гиперконъюгация)** деп атайды және M_h деп белгілідейді. Мұның мысалы ретінде пропилендеі алкил тобы σ -орбитальдері мен π -орбитальдердің бүркесуін көлтіруге болады:



4. Гомолиттік және гетеролиттік үзілүү

Химиялық реакцияларда ковалентті байланыс әр түрлі: гомолиттік және гетеролиттік болып үзіледі. Гомолиттік үзілгенде электрон жұбы скі атомға бірдей бөлініп үзіледі, ал гетеролиттік үзілгенде электрон жұбы бір атомда қалады. Мысалы:



- 1) гомолиттік үзілу, нәтижесінде бос радикалдар түзіледі;
2), 3) гетеролиттік үзілу, нәтижесінде зарядталған иондар пайда болады.